



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

mmgpress mangistaumunaygaz_jsc mmginfo

№07 (177), ТАМЫЗ, 2024



ҚАЗАҚСТАН МҰНАЙЫНА
125
1899 - 2024
ЖЫЛ



МАҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

45 ҚАЛАМҚАС
1979-2024
КЕН ОРНЫ

МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН, МҰНАЙШЫЛАР!



Құрметті әріптестер, мұнайшылар!

Сіздерді Қазақстан мұнайының 125 жылдығымен тұспа-тұс келген Қаламқас кенорнының 45 жылдығымен және Қазақстан Республикасы мұнай-газ кешені қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!

Өткенге көз жүгіртсек, отандық мұнай өнеркәсібінің тарихы – жеңістер мен жетістіктердің, мұнайшылардың ерен еңбегінің шежіресі, жанқиярлықпен еңбек етіп, отанымыздың гүлденуіне бар ғұмырын арнаған аға ұрпақтың ерлігі, өмір жолы екенін аңғарамыз!

Өткенсіз бүгін де, болашақ та болмақ емес. Мұнай өндірісі Қаныш Сатпаев, Сафи Өтебаев, Халел Өзбекқалиев, Нәсіпқали Марабаев, Нұрлан Балғымбаев, сынды көптеген қоғам қайраткерлері мен ел жанашырларын туғызды.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-ның еңбек ұжымы өнеркәсіп ардагерлері салған сара жолды лайықты жалғастырып келеді.

Бүгінде біздің компания өндіріске әлемдік озық тәжірибелерді енгізуге ұмтылысын көрсетіп, өнеркәсіптік және экологиялық

қауіпсіздіктің жоғарғы стандарттарын ұстануға зор талпынысын білдіріп отырған өндіріс орны.

Бұдан былай да, заманауи технологияларды пайдалану арқылы, өндірісті алға дамыта отырып, ел экономикасының өркендеуіне қомақты үлесімізді қоса беретінімізге сенімдіміз!

Компанияның басты байлығы – адам ресурсы.

«Маңғыстаумұнайгаз» мамандары - жоғары білікті, шеберліктері шыңдалған, ынтымағы жарасқан тату ұжым. Алдағы уақытта да бұл ұйымшыл ұжымның еңбек биіктерінен көріне берері сөзсіз.

Баршаңызды Қазақстан мұнайының 125 жылдығымен, Қаламқас кенорнынан мол мұнай көзі ашылғанына 45 жыл толуымен және мұнайшылар күнімен тағы да құттықтай отырып, Сіздерге зор денсаулық, сәттілік пен телегей табыс, отбасыларыңызға бақ-береке тілейміз!

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Басқармасы

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ОРТАҚ МІНДЕТ

2 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да Маңғыстау облысының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментімен бірлескен жиналыс өтті.



Басшылық құрам қатысқан отырыста жемқорлықтың алдын алу бағытындағы ауқымды жұмыстар, заңнамадағы өзгерістер мен 2022-2026 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасы туралы маңызды ақпараттар айтылды. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі комплаенс қызметінің тиімділігі жайында кеңінен әңгіме

қозғалған басқосуда мүдделер қақтығысын тиімді реттеу тетіктерін енгізудің өзектілігі де талқыланды. Бұл тақырыптың маңыздылығын атап өткен Компания басшысы жұмыс барысында ашықтық пен жауапкершілік қағидаттарын ілгерілетудің ерекшелігіне назар аударды. Жиын соңында қатысушылар өзекті сұрақтарын қойып, тиісті жауаптарын алды. Осы тектес шаралар алдағы уақытта да жалғасатын болады, бұл мұнайшылардың жемқорлықтың алдын алу және комплаенс қызметінің тиімділігін арттыру бағытындағы білімін нығайтуға үлкен септігін тигізед. Сондай-ақ, ұжымның ашықтық, жауапкершілік және адалдық қағидаттарын ұстанудағы тұрақты ұмтылысының айқын көрінісі болып табылады.



ДІН МӘСЕЛЕЛЕРІ – МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫП

2 тамыз күні «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы бас офисінің мәжіліс залында Ақтау қаласы әкімдігінің ұйымдастыруымен дін мәселелері бойынша ақпараттық түсіндіру жұмыстары болып өтті.



Жиналыстың мақсаты, мекеме қызметкерлері арасында дұрыс діни түсінікті қалыптастыру, сонымен қатар жат діни идеологияның және теріс пиғылды көзқарастардың қалыптасуының алдын-алу болды. Шараға арнайы шақырылған Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің оқытушысы, философия ғылымдарының кандидаты, теолог Кеңшілік Тышқан жиналыс барысында

мекеме қызметкерлеріне мемлекетпен діннің ара қатынасы, зайырлылық, діни радикализм, діни фанатизм, діни экстремисттік топтарың сипаттары, отбасы құндылықтары, жастар арасындағы діндарлық, руханиятты байыту

жайында әңгіме қозғады.

Теолог-ғалым Кеңшілік Тышқан жиын соңында қызметкерлердің өздерін толғандырып жүрген дінге байланысты сұрақтарына егжей-тегжейлі жауап берді. Өз кезегінде компания қызметкерлері дін мәселесі бойынша өз ой-пікірлерін ортаға салып талқылады, ұйымдастырылған шара өте мәнді де әсерлі өтті.



ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ ШЕҢБЕРІНДЕ

2024 жылдың шілде айының 24-і күні «Ембімұнайгаз» АҚ өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау мамандары тәжірибе алмасу мақсатында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Жетібай кенорнының нысандарына барды. Шара «ҚазМұнайГаз» ұлттық компания акционерлік қоғамының 2024-2027 жылдарға арналған «Өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі» жол картасын жүзеге асыру аясында ұйымдастырылды.



жағдайлар бойынша өзекті мәселелерді талқыға салды.

Бұдан әрі мамандар Жетібай кен орнының нысандарындағы, оқу-көрсету алаңына, мұражайға, №1 мұнай және газ өндіру цехына

қарасты №18 топтық қондырғыға және газ дайындау, тасымалдау және газ шаруашылығын пайдалану цехына қарасты №27 модульдық компрессорлық қондырғы мен №1 газ жинақтау қондырғысы нысандарымен танысты. Тәжірибе алмасу барысында жұмыс орындарының қауіпсіздігі мен өндірістік жарақаттанудың алдын алуға арналған тағы да басқа көптеген мәселелер талқыланды.

«Ембімұнайгаз» АҚ мамандарын бастап келген Департамент директоры Әнуарбек Каримов өз сөзінде өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту мәселелеріне қатысты "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ тәжірибесінен алатын

құнды нәрселердің мол екенін атап өтті, әсіресе «Еңбекті қорғау» мобилдік қосымшасы мен «Аспанс» өндірістік бақылау қосымшасы. Сөз соңында аса ұйымшылдықпен және кең қонақжайлықпен қарсы алған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қауіпсіздік және еңбекті қорғау, қоршаған ортаны қорғау департаментінің мамандарына өз ризашылығын білдіре отырып, өндірістік және көлік қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту, жетілдіру мақсатында тәжірибе алмасу шараларын «Ембімұнайгаз» АҚ жалғастыруға ұсыныс білдірді.

М. Яшев,
Қауіпсіздік және еңбекті қорғау қызметінің басшысы

Қоғамның жұмысымен танысу компанияның Ақтау қаласындағы бас кеңсесінен басталды, онда «Ембімұнайгаз» АҚ мамандарын таныстыру мақсатында қолданыстағы өндірістік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау саласындағы цифрландыру жөнінде презентация көрсетілді. Мамандар бір-бірімен ақпарат алмасып, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, көлік қауіпсіздігі, қоршаған ортаны қорғау және парниктік газ, өрт қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс және төтенше



ЕҢБЕГІ ЕРЕН ХАМИДУЛЛА ӘУЛЕТІ

Тұтас бір әулет өкілдері – Хамидуллаевтар ел несібесін еселеуші кәсіп саналатын мұнайшы мамандығын таңдады. Аталары салған даңғыл жолды бүгінде немерелері де лайықты жалғастырып келеді. Әулеттің ішкі рухани тәртібі мықты болмаса, ондаған жыл бойы еліміздің мұнай саласында ұзақ жылдар бойы табан аудармастан барлығы бір кісідей жұмыла еңбек етер ме еді?! Тек адал еңбек етумен шектелмей, олар осы кезге дейін тек елдің алғысын алумен келеді. Ешқайсысы әулет абыройына көлденең сөз келтіріп, жаман атанған жоқ.



Ұлы Дәурен әкесінің ізін жалғап мұнайшы мамандығын таңдады. Каспий мемлекеттік технология және Инжиниринг университетін үздік бітіріп, 2009 жылы "Қаламқасмұнайгаз" ӨБ жұмысқа орналасты. Мұнай және газ өндіру цехының операторы, шебері кейін аталған цех бастығының орынбасары болып ауысты. Кіші ұлы Дархан да «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясында заң кеңесшісі қызметін абыроймен атқарып келеді.

Талғат Хамидуллаұлы 2015 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» Қоғамдық бірлестігінің төрағасы болып сайланды. Кәсіподақ саласында жұмыс жасап, мұнайшылардың құқығын қорғау үшін адамға мықты рух қажет. Грузин әншісі Вахтанг Кикабидзе: «Ертең үрім-бұтағың сенің есіміңді алып жүруден, сенің әулетіңнен екеніне ұялмайтындай өмір сүру керек» – дейді. Бұл сөзді өмірлік кредосына айналдырған Талғат Хамидуллаұлы кәсіподақ қызметінің жандануына, жаңғыруына адал қызмет етті.

Талғат Хамидуллаұлы 2017 жылдан бастап зейнеткерлікке шыққанға дейін Қоғам басқармасының кеңесшісі, "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ Әкімшілік-әлеуметтік мәселелер департаментінің директоры болып жұмыс істеп, 2019 жылы зейнетке шықты.

Ақкөңілдің аты арымас, тоны тозбас деген сөзді еске алыңыз; істес, кәсіптес болған кісілер кейіпкеріміздің даридай шалқыған кең пейіліне, кісілік қалыбына риза болып, бәрекелдісін аямай айта жүретіні көңілге шуақ ұялатады.

Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал деген абыз ақынның лепесі осындайда еріксіз есе түседі. Айдыновтың сөзіне қарап ісіне... кәсібіне... ынта-жігеріне... ықылас-пейіліне риза боласыз. Еліміздің ертеңгі күні бұдан да шұғылалы, ошағы жылы, жүрек оты мол, кемелді боларына кәміл сенесіз.



Талғат Хамидуллаұлы еңбек жолын 1985 жылы «Маңғышлақмұнай» өндірістік бірлестігінде слесарь-жөндеуші, кейін қабат қысымын ұстау цехының операторы болып бастады. «Қаламқасмұнайгаз» өндірістік басқармасында қабат қысымын айдау цехының шебері бола жүріп, цех бастығының орынбасары, цех бастығы болып жоғарылады.

2004 жылдан бастап "Қаламқасмұнайгаз" өндірістік басқармасының Өндірістік-технологиялық бөлімінің басшысы болып жұмыс істеді.

Талғат Хамидуллаұлы өзінің барлық адал қызметі мен өмірін «Қаламқасмұнайгаз» кенорнымен тікелей байланыстырады. Өйткені 45 жылдық тарихы бар ірі мұнай кенорны талай мұнай майталмандарын тәрбиелеп шығарды. Мұнай мен газ өндіруді қарқындету, жүйені реконструкциялау және тұрақтандыру, қабаттық қысымды ұстап тұру, кенорнының ұңғымалық және технологиялық жабдықтарын жаңғырту бойынша табысты жұмыстар Талғат ағаның табанды еңбегінің нәтижесінде жүзеге асты. Атап айтқанда, рационализаторлық ұсыныстарды енгізумен белсенді айналысты. Өндірістік басқарма қабаттардың мұнай беруді арттырудың жаңа техникасы мен заманауи әдістерін енгізу бойынша іс-шараларды жүзеге асырды.

2003 жылы алғаш рет Т. Айдиновтың жетекшілігімен ГУ-39 қондырғысында 4 су айдау ұңғымаларында шыны талшықты құбырлар өндіріске енгізілді. Содан бастап "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ кен орындарында "ОСС" ЖШС күшімен, диаметрі мен мақсаты әртүрлі шыны пластик құбырлар орнатылып, пайдалануға беріп келеді.

Т.Айдиновтың жеке қатысуымен "Алдын ала су айыру қондырғысы", Табиғи газды дайындау қондырғысы Газ компрессорлық станцияға Қаламқас кен орнындағы жаңа объектілердің жобалары әзірленіп, құрылысы жүргізіліп, пайдалануға берілді.

Ол ширек ғасырға жуық еңбек өтілінде жақсы сөз, абыройлы атақ алып үлгерді. Шәкірт тәрбиеледі. Өндіріс басшыларын дайындады. «Ерен еңбегі үшін», «Мұнайгаз кешенінің дамуына қосқан үлесі үшін», «Маңғыстау облысының дамуына қосқан үлесі үшін» медалі ерен еңбегіне берілген лайықты баға деуге болады.



Талғат ағаның ата-анасы да өмірін өндіріске арнаған жандар. Әкесі Хамидулла Айдынов 1942 жылы 18 жасында майданға аттанды. 1943 жылы жарақат алып Ұлы Отан соғысынан оралғаннан кейін, Саратов мұнай техникумын тәмамдап, өмір бойы бұрғылау жүйесінде, Сағыз, Ескине, Байшонас, Прорва, Мартыши, Маңғышлакнефть мұнай кәсіпшіліктерінде экономист болып еңбек етті. 1979 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» компаниясынан еңбек жолын тәмамдап, зейнетке шықты. Анасы Мағдуда Шигаева да ОРСА тамақтану саласында қызмет етті.

Бүгінгі таңда ұлы мен немерелері ұрпақ сабақтастығын үзбей, өлке өндірісін өрге сүйреп, абыройлы қызмет істеп жүр.





ӨНДІРІСТЕГІ ӨРНЕКТЕР НЕМЕСЕ ПЛЕНКАДАҒЫ ӨМІР

Шырт-шырт. Болды, бір керемет бір кадрға сыйды.
 Ертеңгі тарих таспада түгенделді. Естелік,
 сағыныш, өткенге оралу... Ғажап сезімге бөлейтін
 суреттің құдіреті шексіз бе дейсіз!

Мұнай тарихында ел экономикасының негізін қалаған мұнайшылардың еңбегі әрдайым жоғары бағаланады. Қазақ мұнайының 125 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 45 жылдығына орай, біз осы суреттер арқылы олардың қажырлы еңбегін, жауапкершілігі мен табандылығын жеткізіміз келді. Әрбір кадрда – мұнайшылардың шынайы күші, кәсібилігі және елімізді алға сүйреудегі рөлі көрініс табады. Мұнайшылардың бұл еңбегі – еліміздің экономикалық қуатын арттыруға қосқан үлесі мен өз ісіне деген адалдығының дәлелі!



Ербол Асқаров, «ҚМГ» ӨБ, ПЖПЖҚ СЖКУ 5-д. слесарь-жөндеуші және
 Ерболат Тоғызбаев, «ҚМГ» ӨБ, ПЖПЖҚ СЖКУ 4-д. слесарь-жөндеуші



Айтқали Нұрбеков,
 «ҚМГ» ӨБ, ПЖПЖҚ 4-д. токарь



Нұрғиса Дүрмеков,
 «ҚМГ» ӨБ, КМДЖАҚ 5-д. тауарлық операторы



Аманжол Қарабасов,
 «ҚМГ» ӨБ, №1 БТСС 4-д. машинисі



Рахымжан Бекбосынов,
 «ЖМГ» ӨБ, МДАЦ 4-д. тауарлық операторы



Асхат Ермаков,
 «ЖМГ» ӨБ, №1 МГӨЦ 3-д. оператор



Қунай Цисенов,
 «ЖМГ» ӨБ, механикалық цех, 5-д. токарь



Азамат Сононов,
 «ЖМГ» ӨБ, ҚҚҰЦ 5-д. оператор



Нурлан Барғанаев,
 «ҚМГ» ӨБ, №1 МГӨЦ 5-д. операторы



Қамысбай Егізбеков,
 «ҚМГ» ӨБ, ПЖПЖҚ 5-д. электр газбен дәнекерлеуші



Өсербай Мұқырбаев,
 «ҚМГ» ӨБ, ПЖПЖҚ 5-д. слесарь-жөндеуші



Самат Дүйсенов,
 «ҚМГ» ӨБ, КМДЖАҚ 5-д. операторы



Жаңагүл Дүйсенова,
 «ҚМГ» ӨБ, ҒЗӨЖҚ 5-д. химиялық талдау лаборанты



Елтай Тұрбергенов,
 «ЖМГ» ӨБ, механикалық цех, 5-д. слесарь-жөндеуші



Нурлан Бәжіков,
 «ЖМГ» ӨБ, №1 МГӨЦ 5-д. слесарь-жөндеуші



Талғат Мұхамедиев,
 «ЖМГ» ӨБ, механикалық цех, 5-д. фрезерші



Ерлан Қуатқанов, ҚҚҰЦ 5-д. машинисі және
 Сырым Түсұлбаев, ҚҚҰЦ 5-д. машинисі

МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

ЕҢБЕКПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

Роза Досмұхамбетова бала кезінен еңбек етіп, қажырлы әрі табанды болып өскен ұрпақтың көрнекті өкілі. Қазіргі дамыған өндіріс, қанатын кеңге жайған кеніштер – осы апаларымыздың ащы маңдай терімен жасалды.

Түпқараған ауданындағы Форт-Шевченко қаласында 1963 жылы дүниеге келген Роза Досмұхамбетова еңбек жолын «Жетібаймұнайгаз» өндірістік басқармасында операторлықтан бастады. 1981 орта мектепті бітірген Розаны әкесі мен анасы өздері еңбек етіп жүрген мекемеге жұмысқа орналастырады. Оразхан мен Жібек

апасы, Үзім сіңлісінде Оразхан апасы геолог мамандығын меңгеріп, жер қойнауын зерттеуге атсалысты. Жібек апасы МДАЦ-те оператор болып, жылдар бойы қажырлы еңбек етіп, зейнетке шықты. Үзім сіңлісі ФЭЖЦ-та оператор қызметін атқарып келеді. Әулеттің әрбір мүшесі мұнай саласында өз үлестерін қосып, еңбектің жемісін көруде. Бауырлары Өндірісте шыңдалып, абыройлы еңбегімен талай белестерді бағындырған кейіпкеріміз бүгінгі таңда Алғыс хаттар мен грамоталармен марапатталды.



Отбасында төрт қыз өсіп-жетілді:

Ол уақытта оқуға түсу қиын болғандықтан, ол бір салада тұрақтап, еңбек жолын осы мекемеде бастады. Бастапқы кезеңде көптеген қиыншылықтарға тап болды. Бірақ, оның қажырлы еңбегі мен табандылығы бұл қиындықтарды жеңіп шығуға көмектесті.

Роза Досмұхамбетова жылдар бойы мұнай саласында адал еңбек етіп, өзінің біліктілігі мен кәсіби шеберлігін көрсетті. Оның қажырлы еңбегі мен табандылығы, қажырлы еңбектің нағыз үлгісі бола білді. Әрбір жұмыс күнін адал атқарған Роза, өз міндетін тек орындап қана қоймай, ұжымына, қоғамға үлгі боларлықтай қызмет етті.

Бүгінгі таңда Роза Досмұхамбетова зейнетке шыққан. Роза апамыздың деніне саулық, отбасына, ұрпағына баянды бақыт тілей отырып, еңбекпен өрілген өмірінің жемісін ұзағынан көргей деміз.

ТӘРБИЕ – ТӘЛІМ, АДАМГЕРШІЛІК - ҰРАНЫМ

- Көп балалы отбасыдан шықтым, әке-шешем өмір бойы еңбек етті. Маңдай термен адал еңбек ету, айналаңа қол ұшын беру, өзгені сыйлау – бала кезімнен көріп өскен тәрбием. Анам он бір құрсақ көтерген жан, бүгінде соның тоғызы бармыз. Бәрі де аяқтанған, балалы-шағалы, шүкір. Ауылда өскенмен бауырларым спортқа жақын болды. Інілерім «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері» атағын да иемденген.

Еңбек жолын 1990 жылы Жетібай технологиялық көлік басқармасынан (ЖУТТ) бастаған Гүлмира Жыңғылбаева 1998 жылы «Комсомольскнефть» мұнай-газ өндіру басқармасына ауысып, вахталық әдіспен тапжылмай он төрт жыл жұмыс істеген. 2012 жылдан бастап «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ Кәсіподақ ұйымының бухгалтері ретінде, ал 2013 жылдан бастап «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігінің бас бухгалтері болып еңбек етіп келеді.

Қоғам Кәсіподағы кәсіподақ мүшесі болып табылатын әрбір жұмыскердің Ұжымдық шарт шеңберінде мүддесін қорғап, еңбек өнімділігінің жоғарылауына атсалысып отырған бірден-бір ұйым екені белгілі. Кәсіподақ арқылы шешімін тапқан түйткілді мәселелердің құжаттары мен есеп-қисабын реттейтін Гүлмира Жаңбыршықызының да еңбегі зор. Істеген ісіне мұқияттылығы, жұмыскерлермен сөйлесу мәдениеті жастарға өнеге.

- Қарапайым ортада өскендігім шығар, қатардағы жұмысшының жағдайын жақсы түсінем. Тең дәрежеде сөйлесіп, шаруасының оңтайлы шешілуіне атсалысамын. Ұжымдағы іске асырылатын жоспарлы іс-шаралар бір-біріміздің жауапкершілік, сыйластық, ауызбіршілік секілді басты қасиеттерімізбен астасып, жұмыстың реті өз кезегімен орындала береді. Әріптестерімнің көбі жастар болғандықтан, үнемі олардың есіне үлкенді құрметтеуді, айтқан сөзінен тәлім-тәрбие алуды салып отырамын, - дейді өмірлік ұстанымы бар Гүлмира апай.

Бір қызығы, Гүлмира Жаңбыршықызы өнерден де кенде емес екен. Сонау 1984 жылы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының кезінде Маңғышлақ облысы бойынша өткен термешілер сайысында «Майлықожаның термесімен» жүлделі 1-орынды қанжығасына байлаған көрінеді. Қос ішекті домбыраның, сырлы



гитараның құлағында ойнайтын әріптесіміздің біз білмейтін қырларына танданысымызды жасыра алмадық.

- Гүлмира апаның бір жақсы қасиеті – адамның көңілін қалдырмайды. Заманауи, көпшіл, жүрегі жұмсақ адам. Өзі білетін істі үйретуден жалыққан емес. Үнемі апалық ақылын айтып, жұмыста қолдау білдіріп отырады, - дейді әріптесі Ләззат Таубаева.

Бүгінде ауыз толтырып айтарлықтай отыз төрт жылдық еңбек өтілі бар, бұйырған табысы мен жиған

абыройына риза Гүлмираның зейнеткерлік демалысы да жақын. Құдай қосқан жарымен бірге шаңырақта екі қыз бен бір ұл тәрбиелеп, олардан көрген немере-жиендеріне үлгі болып, жанұя жылуын жағып отырған отана, асыл әже. Біз де өз тарапымыздан жаны жайсаң Гүлмира әріптесімізге денсаулық тілеп, парасатты өмір жолыңыз ұзақ болсын, көрген бейнет күндеріңіз шуақ болсын дегіміз келеді.

**ӘҚД аудармашысы
А.Н. Мұханова**

ГОРДОСТЬ МОЯ – КАЛАМКАС!

Исполнилось 45 лет с момента ввода в эксплуатацию нефтяного месторождения Каламкас. Это в принципе по сравнению с другими нефтедобывающими регионами срок не очень продолжительный, но уже с уверенностью можно сказать зрелый. Самое главное радует то, что уровень добычи несмотря на то, что тенденция некоторого снижения наблюдается, его можно отнести к естественному процессу, хотя с каждым годом увеличивается обводненность. Коллектив ПУ «Каламкасмунайгаз», применяя новые технологии, совершенствуя старые, работая в тесном контакте с научно-исследовательским институтом «Казнипинефть» и другими, добивается поставленных перед коллективом задач на протяжении этих 45 лет с момента разработки месторождения.

Считаю необходимым отметить то, что эти достижения достигнуты благодаря тому, что первопроходцы заложили крепкий фундамент. Они познали жизнь в тяжелых условиях голой холодной степи, проживая в простых металлических вагончиках, где размещались только двухъярусные кровати и в промежутке между входом в правый и левый отсек был установлен умывальник, куда естественно не было подвода воды и канализации. Для отопления на начальном этапе использовались 1 киловатные электроречи.

Трудности на этапе начала освоения месторождения возникали уже с момента посадки и начала движения на месторождение, расстояние которое составляло более 270 км, на автобусах типа КАВЗ или Пазик без наличия отопления, о кондиционерах даже мечтать не приходилось и время в пути занимало 7-8 часов.

Как известно для приготовления пищи и решения других проблем необходима вода, которую привозили из города на водовозах и сливали в обычную металлическую емкость, и конечно, ее качество оставляло желать лучшего, так как фильтровать воду и отстаивать ни времени ни возможности не было. В тот период о бутилированной воде мечтать не приходилось. Эти проблемы с водой усугублялись с наступлением холодов, она в емкостях замерзала и приходилось вставать в пять часов утра, отогревать емкость и кран с использованием паяльных ламп или обычных самодельных проволочных факелов. Далее воду доставляли в столовые, используя завезенные фляги. Этот процесс был отлажен, и столовые не испытывали трудностей с водой.

Самой главной проблемой являлось неустойчивое электроснабжение, и периодические отключения. Проблему приходилось решать за счет доставшейся от буровиков, дизельной электростанции N-200 Квт, размещенной на передвижной платформе, сваренной из труб в виде салазок без всякого укрытия. Учитывая, что для заправки радиатора дизельного привода не было тосола, антифриза, в систему охлаждения заливали обычную воду, которую после остановки агрегата приходилось сливать во избежание замерзания. Чтобы осуществить запуск, кроме заправки водой необходимо было заправить дизельным топливом (соляной) бак V-200 литров. Но самое сложное заключалось в том, что нужно было прогреть картер, чтобы аккумулятор смог позволить завести двигатель, который также нужно было уносить на базу и ставить

на подзарядку после каждого запуска. Эти проблемы возникали очень часто и запомнились как самые тяжелые этапы начала освоения месторождения Каламкас. Естественно, без электроэнергии нельзя было приготовить пищу в столовой и конечно подать тепло в поселок, так как насосы падающие нагретую воду в систему отопления также требовали подачи электроэнергии и для этого были приобретены и поставлены к на базу еще две дизельные электростанции мощностью по 200 Квт.



Поэтому в 1979-1980 годы мы постоянно работали в аварийном режиме, зачастую, в ночное время иногда промокали насквозь от пронизывающего дождя, снега, сильного порывистого ветра и замерзали от холода. Одним словом проблем тогда было достаточно это и отсутствие теплой спецодежды и спецобуви, отсутствие чистой воды для питья и нормального медицинского обслуживания, многие не выдерживали тяжелых условий и возвращались на работу в город.

Поэтому считаю необходимым отметить тех работников, которые стояли у истоков начала



освоения месторождения Каламкас и внесли весомый вклад в его развитие, несмотря на все трудности. Достоинно проработали и вышли на пенсию. Многих, к сожалению, уже нет в живых, но все равно о них надо помнить и знать, также как и о тех, кто в настоящее время на пенсии. Все они заслуживают достойного внимания и уважения: Алибаев Кушербай, Айдистов Шавхат Хасанович, Зневеровский Станислав Людвигович, Караблев Владимир Константинович, Казяйкин Григорий Иванович, Назаралиев Кенжегали Умиргалиевич, Джумаев Тлектес, Хренов Александр Николаевич, Неверов Павел Максимович, Бекбосинов Мергенбай, Кухаренко Александр Иванович, Шугупанов Насипкали, Омирбаев Байбакты, Березин Анатолий Евтихович, Искужиев Боранбек, Беков Хасан.

Горжусь тем, что отработал на месторождении с 1979 года, пройдя все этапы становления, преодолев все сложнейшие периоды его поступательного развития и наращивания производственных мощностей, дойдя до максимальных уровней добычи нефти на уровне 11,5 тыс. тонн в сутки и вышел на пенсию в 2010 году, отработав на месторождении Каламкас 31 год.

Всех, кто находится на пенсии, всех ветеранов отрасли, а также тех кто продолжает работать поздравляю с 45-летием месторождения Каламкас и с профессиональным праздником, желаю крепкого здоровья, всех земных благ и хорошего настроения!

**Хайретдинов Г.Ж.
Отличник нефтяной отрасли
Республики Казахстан**



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

БАЙҚА, БАЛАҚАЙ!



30 шілде күні «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-да Қауіпсіздік және еңбекті, қоршаған ортаны қорғау департаментінің ұйымдастыруымен компания қызметкерлерінің балаларына өндірістегі қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша шеберлік сағаты өтті.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның 2024-2027 жылдарға арналған қауіпсіздік техникасы, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі Жол картасы аясында өткен шараның мақсаты - балаларды өндірістегі қауіпсіздік ережелерімен таныстыру және олардың қауіпсіздік туралы білімдерін арттыру болды. Жиналған балғындарға Кәсіпорындағы қауіпсіздік және еңбекті қорғау бойынша түрлі ақпараттық бейнероликтер көрсетілді.

Көлікте белдікті тағып отырудың маңызы, өрт қауіпсіздігі, бөгде адамдардан сақтану сияқты ережелер таныстырылып, қауіпсіздік құралдары мен арнайы киімдерді қолданып көру мүмкіндігі берілді. Іс-шарада балалар викториналық сұрақтарға жауап беріп, сыйлықтар алды. Мұндай бастамалар болашақта өндірістегі қауіпсіздік стандарттарын көтеруге және жаңа ұрпақтың қауіпсіздікке деген жауапкершілігін арттыруға септігін тигізеді.

ЖАСТАР ФОРУМЫ - 2024

26-27 шілде аралығында «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ жас мамандарға арналған ауқымды Форум ұйымдастырды. Шара Қазақ мұнайының 125 жылдығы мен Қаламқас кенорнының 45 жылдығына арналды.

Сексенге жуық мұнайшы жастар қатысқан Форумның алғашқы күніне қазақстандағы белгілі IT маман, жасанды интеллект саласының сарапшысы Тимур Бектұр спикер болып шақырылды. Ол, технологияның даму қарқыны жылдам екенін, бүгін актуалды болған нәрсе ертең маңыздылығын жоғалтуы әбден мүмкін екенін ескертіп, жастарды IT сауаттылықты арттыруға, жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға шақырды. Форумның басты мақсаты да осы еді, жасанды интеллект туралы жастарға тереңірек білім беріп оны үйрену және жұмыс барысында тиімді пайдалану арқылы уақыт үнемдеу тәсілдерін меңгеру болатын. Кездесу соңында компания

басшылығы атынан Бас директордың әлеуметтік-әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары Нұрпейіс Сәрсенбай келіп жастарға жақсы тілегін арнады. Кездесу соңында жыл бойы белсенділік танытқан жастарға алғыс хаттар мен естелік сыйлық табысталды.

Форумның екінші күні қала сыртындағы демалыс орнында тимбилдингпен жалғасын тапты. Қатысушылар топтасып өзара сынға түсті. Жастардың шыдамдылығы мен алғырлығын, жылдамдығын сарапқа салатын ойындар ойнатылды. Ұжым арасындағы командалық рухты нығайтуға ықпал ететін шараны жиі өткізуді өтінген жастар ұйымдастырушыларға ризашылықтарын білдіріп тарады.



СЕРВИСТІК ҰЙЫМДАРДЫҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ - НОВОСТИ СЕРВИСНЫХ ОРГАНИЗАЦИЙ

ТИІМДІ ЖҮЙЕ – КЕДЕРГІСІЗ ЖҰМЫС КЕПІЛІ

«Oil Services Company» ЖШС әлемдік тәжірибеге ие «Ысырапсыз Өндіріс» жүйесінің бастапқы құралдарының бірі 5С жүйесін пилоттық объектілеріне белсенді түрде енгізуді қолға алды.

Бұл жобаның негізгі мақсаты – өндірістік қауіпсіздік пен өнімділікті арттыруға бағытталған жүйелі құрал. Қазіргі уақытта Серіктестікте 400-ден астам пилоттық объектілерде 5С жүйесі енгізіліп, 800-ден астам қызметкер тренингтен өтті. Осы мақсатта биыл Бас директор мен оның орынбасарлары бастаған аппарат қызметкерлерінен құралған аудиттік топ өндірістік объектілерге яғни Гембаға баруды ұйымдастырған болатын. Аппарат қызметкерлері топтарға бөлініп, "Каламқас", "Жетібай" кенорындарындағы Серіктестік нысандарында және Маңғыстау ауданы «Ынтымақ» кентіндегі «Өндіріске қызмет көрсету қызметінде» және Оқу курстық комбинатының нысандарында аудит жүргізді.

Гемба – жапон тілінде "нақты орын" немесе "құндылық жасайтын орын" дегенді білдіреді. Гембаға шығу – басшылар мен қызметкерлерге процестерді жақсарту, өнім сапасын арттыру және қауіпсіздік деңгейін көтеру үшін таптырмас құрал.

Компания басшылары аудит кезінде негізгі мәселелерді анықтап, олардың шешілуіне тікелей себепші болды. Атап айтқанда, жұмыс орындарының ұйымдастырылуын айтарлықтай

жақсарту, қызметкерлерге тазалық пен тәртіптің маңызын, сондай-ақ, процестерді ұйымдастыру және стандарттау арқылы өндірістік жазатайым оқиғалардың санын азайтуға әкелетін әрекеттердің тізімін шығаруға ден қойды.

Дамуға қарай қадам басқан компаниялардың қатарынан сенімді түрде орын алған Серіктестік 5С жүйесін енгізу және дамыту бойынша алдағы жоспарларын нақтылап, әлемдік тәжірибеден өткен "Ысырапсыз өндіріс" секілді жүйелердің табысты енгізілуін жалғастыра бермек.

Өндірістік қауіпсіздік пен еңбек өнімділігін арттыруды мақсат еткен жүйе бүгінгі таңда өз тиімділігін көрсетіп отыр.

«Oil Services Company» ЖШС



63 ЖАС – АДАМ ӨМІРІНІҢ АЙТУЛЫ БЕЛЕСІ



«Oil Construction Company» ЖШС Қаламқас құрылыс құрастыру қызметінің сыртқы құбыр құрастырушысы Совет Рахметұлы Жарылғасов Пайғамбар жасы - 63-кетолды.

Зейнет жасына белсенді еңбек, абыройлы атпен жеткен Совет Рахметұлын ұжымдастар құттықтады. Мерейтой иесіне кәсіпорынның өсіп-өркендеуі жолындағы көп жылғы адал еңбегі мен кәсіби шеберлігі үшін ризашылық білдірді.

Совет Жарылғасов 1961 жылы Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласында дүниеге келген. Орта мектепті Қызылөзенде бітіріп, 1980 жылы Мәскеу қаласында Отан алдындағы борышын өтеуге аттанады. Кейін еңбек жолын «Адай» базасында көлік жүргізушісі болып бастаған ол 1987 жылдан бері серіктестікте жұмыс жасап келеді. Ұзақ жылдар көлік жүргізушісі болып қызмет атқарған ол 2017 жылы құбыр құрастырушысы мамандығына ауысады.

«Бір жерде 40 жылға жуық жұмыс жасадым. Бәрі жақсы, ұжымдастарым сыйлайды. 63 жасыма орай да құрметтерін


көрсетіп жатыр. Мен барша басшыларыма, әріптестеріме алғысымды білдіргім келеді. Мекеміз табыстан табысқа жете берсін!» деді мерейтой иесі.

Өз жұмысын жетік білетін маман жас буынға білгенін үйретуден тайынған емес. Әріптестеріне жол сілтеуге Совет ағаның ұзақ жылдар бойғы кәсіби шеберлігі мен дағдысы жетеді. 20 жылдан аса өндірістегі қайнаған қызу жұмысты бірге атқарған жұмыстасы, құбыр құрастыру бригадасының бригадирі Аманбек Айтбаев: «Совет ағаны бала күнімнен білемін. Ол кезде жас жігіт еді, көлікті сырғытып айдап кетіп бара жататын. Қызыға қарайтынбыз. 2000 жылдары осы мекемеге жұмысқа келгенімде алдыман шықты. Содан бері бірге қызмет атқарып келе жатырмыз. Соңғы 3 жылда бір бригададамыз, жұмысына мұқият, тиянақты, өте жауапты кісі. Осы уақытқа дейін бірде-бір рет ашу шақырып, сабырсыздық танытқанын көрмеппін. «Жігітке жеті өнер де аз» деген өзінің домбыра тартып, ән салатыны бар, кейде сөз құрап, өлең де шығара қояды» дейді.

Совет Жарылғасов жолдасы Гүлжамига екеуі 2 ұл, 1 қыз тәрбиелеп өсіріп, немере-жиен сүйіп отыр.

Аз ғана уақыттан кейін зейнет демалысына шығатын Совет аға алдағы күндеріне жоспар да құрып қойған. Ол ұрпағын қызықтап, немерелер мен жиендердің тәрбиесіне араласып, жандарынан табылып, ағайын-туғанның арасында елге еткен еңбегінің жемісін жеп, рахатына бөленіп отырғысы келеді. Бейнеттің үбектің зейнетін көруге ұжымдастары да тілекші.

Индира Сәтенбай
«Oil Construction Company»



МҰНАЙЛЫ ӨЛКЕ

Меншік иесі - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

Редактор: Есназар Сұлтанов

Редакция алқасы: - С. Галидуллин
- Л. Жолдыбаева
- Ж. Кемал

Дизайнер-беттеуші: Е. Айтбаев

Мекен-жайымыз:
130000, Ақтау қаласы
6 ш.а., № 1 үй,
тел:
212-035, 211-861
211-885, 212-194

Газет айына 1 рет
шығады.
Тегін таратылады

Газет ҚР
Мәдениет және
ақпарат
министрлігінде
есепке
қойылып,
№ 9675 - Г
күзлігі берілген

Газет жарияланымдарындағы
көзқарасын білдірмейді
Редакция оқырман хаттарына
жауап бермейді және оны
қайтармайды
Жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға
болмайды

Газет АҚ-ның
жұртшылықпен
байланыс тобы-
ның компьютерінде
теріліп,
беттелді.
Индексі: 64265

«Атис» ЖШС
баспаханасында
басылды.

Ақтау қаласы,
«Дукат» ТҮ, 17 ш.а.,
1 үй, 3 кеңсе

тел: 8(7292)525 500